**Автор**: САГИДУЛЛИНА ДАРИГУЛЬ САИНОВНА
**Пән**: Алгебра
**Сынып**: 7-сынып
**Бөлім**: Бүтін көрсеткішті дәреже
**Тақырып**: Натурал көрсеткішті дәреженің анықтамасы

---

| | |
|---|---|
| Сабақ негізделген оқу мақсаты | Оқушылар «Натурал көрсеткішті дәреже» ұғымымен танысып есеп шығаруда қолдана білуді үйренеді. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (7 минут) | Салемдесу,сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>**«Жылы жүрек-ізгілік тілегі»** / тілек айту/<br>**Топқа бөлу:** оқушыларды 1,2,3-ке дейін санауды өтіну. Сандарына байланысты топта бірігу,топ ережесін шығару.<br>**«Ауызша сұрақ»әдіс**і.Интерактивті тақтадан төмендегі жазуды көрсету:<br>5dfdc0dc4be7e.png Image not found or type unknown<br>Сұрақ: осы өрнектерді қысқаша жазуға бола ма? | Жүрекшелер, цифрлар жазылған парақшалар, Интерактивті тақта |

| **Сабаққезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың ортасы<br>(28 минут) | **«Түртіп алу» әдісі.** Электронды оқулықтан тақырып ашылады.<br>Мынадай белгілермен:<br>V-маған таныс,<br>+ мен үшін жаңа<br>-мен білетін түсінікке сәйкес келмейді<br>? бұл туралы тереңірек білгім келеді параққа түртіп алу.<br>Тыңдаған мәліметтің нәтижесін әуелі жұпта,сосын топта талқылау.<br>**«Ой қозғау» әдісі**<br>Дәреже негізі қандай сандар болуы мүмкін?<br>Дәреже көрсеткіші қандай сан болады?<br>Егер көбейткіш біреу болса,дәреже түрінде жазуға бола ма?<br>**«Автордың орындығы»әдісі.**<br>Берілген тапсырманы тақтаға шығарады,орындыққа отырып шығару жолын түсіндіреді. №43-46 есеп.<br>**«Сәйкестігін тап» .**<br>5dfdc4a3a1dd1.png<br><br>Image not found or type unknown<br>**«Деңгейлік тапсырма»**<br><br>А деңгейВ деңгейС деңгей<br>Өрнек түрінде жаз:<br>1\ а-дәреже негізі,в-дәреже көрсеткіші<br>2\8-дәреже көрсеткіші,в-дәреже негізі<br>3\ 7-дәреже негізі,3-дәреже көрсеткіші<br>4\4-дәреже көрсеткіші,5-дәреже негізі<br>Төмендегі өрнектің ішінен мәні<br>81-ге тең болатын өрнектерді теріп жаз:<br>3^4.    (-9^)2.    -3^4<br>-9^2<br>-(-9)^2<br>-(-3)^4<br>-(-81)^1<br><br>1-т.47=4*4*4*4*4*4*4= =42*45<br>2-т. Есептеулер жүргізбей өрнектің мәні қандай санмен аяқталатының анықта:<br>145^2<br>3333^2<br>18^2<br>67^2+29^2 | Қалам,<br>электронды оқулық<br><br>Орындық<br>Тақта<br><br>Сызба құралы |
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | **«Үш қадамды сұхбат» әдісі**. Топта орындалады.<br>1-қадам: 1 оқушы 2 оқушыдан интервью алады,3 оқушы олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады.<br>2-қадам: 2 оқушы 3 оқушыдан интервью алады,1 оқушы олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады.<br>3-қадам: 3 оқушы 1 оқушыдан интервью алады,2 оқушы олардың сұрақ-жауаптарын жазып отырады.<br>**Үйге тапсырма:** №48,49 «Дәреже»ұғымына ассоциасы жазу | |